

"Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 41 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 3629 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің
16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабы 7)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілер мен белгіленген тәртіpte:
 - 1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;
 - 2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.С.Сәдібековке жүктелсін.

Облыс әкімі

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышиев

С.Каныбеков

С.Тұяқбаев

Е.Садыр

А.Абдуллаев

К.Мендебаев

Б.Атамқұлов

**"Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік
мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында мәдениет саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.
2. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқада актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға

сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Астана даңғылы, 14 үй, индексі 160023.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында мәдениет саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) қазақтың ұлттық мәдениетін өркендетуді, сактауды, дамытуды және таратуды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да ұлттар мәдениетінің сақталуына, дамуына және таралуына қамқорлық көрсету;

2) облыс аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуын және оларды пайдалану құқықтарының орындалуын қамтамасыз ету, жергілікті тарихи және мәдени ескерткіштерді есепке алууды, сақтау мен қалпына келтіруді ұйымдастыру бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының атқарушы органның іс-шараларын қалыптастыру мен іске асыруға қатысу;

3) мәдениетті дамытуға бағытталған фестивальдер, конкурстар, ақындар айтystарын және басқа да іс-шараларды өткізу, сондай-ақ мемлекеттік және өзге ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста конференциялар, семинарлар, оқытуудың

басқа да түрлерін және тәжірибе алмасулар ұйымдастыру;

4) мәдениет пен өнерді сақтау, дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша облыстық ведомствалардың, ұйымдардың және кәсіпорындардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ облыстық аудан және қала әкімдері аппараттарымен саланың өзекті мәселелерін тәжірибелік шешуге қатысты мәселелер бойынша, өзара әрекет.

16. Функциялары:

- 1) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) театр, музыка және кино өнері, мәдени-демалыс қызметі, кітапхана және музей ісі саласында облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;
- 3) театр, цирк, музыка және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана және музей ісін дамыту бойынша облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, облыстың мәдениет саласындағы мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету;
- 4) шығармашылық қызметтің түрлі салаларында облыстық (өңірлік) байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді ұйымдастыру;
- 5) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 6) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын құру туралы облыс әкіміне ұсыныс енгізеді;
- 7) облыстық аумағында орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асыру және уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ белгіленген нысанда статистикалық есептер беру;
- 8) облыстық деңгейде сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді жүзеге асыру;
- 9) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізу;
- 10) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен салттардың дамуына ықпал жасау;
- 11) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру бойынша жұмысты жүргізеді;
- 12) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізу;
- 13) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіру және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 14) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асыру;

- 15) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 16) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу ді қамтамасыз ету;
- 17) облыстың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды және оларда ғылыми-реставрациялау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қосу;
- 18) мемлекет меншігі болып табылатын, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешу;
- 19) уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз ету;
- 20) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдеу және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылау;
- 21) облыстық мәслихатқа тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы әрі қарай ұсыныстар енгізу үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;
- 22) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізу;
- 23) монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату жөніндегі жұмысты жүргізу;
- 24) мемориалдық тақта орнату жөніндегі жұмысты жүргізу;
- 25) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарau және келісу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 26) мұдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асыру;
- 27) облыс аумағында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылу және қутіп-ұсташау тәртібін, сондай-ақ оларда археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 28) тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және

пайдаланушыларына олардың Қазақстан Республикасы "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңын бұзғаны туралы нұсқамалар беру;

29) тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосу;

30) Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыру және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығару үшін облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

31) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 488-1 бабына сәйкес облыс әкімінің қарауына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы құжаттарды дайындал және енгізу;

32) мәдениет саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. Басқарманың құқықтары мен міндеттері:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзырына кіретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ, өзге де ұйымдардан жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар, қорытындылар, анықтамалар мен өзге де акпараттарды сұратуға және алуға;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бағынысты ұйымдарды құру, қайта құру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

3) белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізу;

4) облыстық бюджет жобаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу және өз құзыретінің шегінде клубтар, кітапханалар, театрлар, кинотеатрлар, музейлер және басқа да мәдениет объектілерін жобалау және салу жөніндегі ұсыныстарды қарауға.

3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы"

мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Оңтұстік Қазақстан облысы әкімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

20. "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасайды;

2) "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген мақсаттар мен функцияларды, облыс әкімдігінің, облыс әкімінің және облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының тапсырмаларын жүзеге асыруға жеке жауапты болады;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының, "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін, сондай-ақ "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың басшылары мен басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

5) "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мұдделерін білдіреді ;

7) шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) заңнамамен белгіленген тәртіpte "Оңтұстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысшыларын іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін

жоғарлату, көтермелеге, үстемсақы белгілеу, сыйлықақы беру, сонымен қатар оларға тәртіптік жаза қолдану мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

12) "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың басшыларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеге шараларын және оларға тәртіптік жаза қолданады;

13) "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде жүргізеді;

14) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуға жауапты болады;

15) "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қаржы-шаруашылық қызметіне және берілген мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады;

16) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы ережемен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

"Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы құрылымдық бөлімдер басшыларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдарлың тізбесі:

Мемлекеттік мекемелер:

- 1) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 2) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстікфильм" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 4) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Жұмат Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық академиялық қазақ драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 5) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 6) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 7) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық әзіл-сықақ және сатира театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 8) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Облыстық опера және балет театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 9) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 10) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Түркістан қаласының сазды-драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ;
- 11) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық өзбек драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорны;

12) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Шемші Қалдаяқов атындағы облыстық филармония" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

14) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси құғын-сүргін құрбандарының мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

15) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұқан атындағы облыстық спорт мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

16) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Кентау қалалық мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

17) "Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "С.Қожанов атындағы мұражай" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

18) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Төлеби ауданының мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

19) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Арыс қаласының мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

20) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

21) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-мәдени-этнографиялық орталық" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

22) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Қазығұрт аудандық мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

23) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облысының мақта шаруашылығы тарихы мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

24) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Бәйдібек ауданы сәулет-көркем мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

25) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "А.С.Пушкин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

26) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік

мекемесі;

27) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық ҮІ.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік Қазақстан облыстық арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

29) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Руханият-Әбу-Нәсір әл-Фараби мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

30) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Оңтүстік-Цирк" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

31) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Түркістан сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

32) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

33) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Облыстық бейнелеу мұражайы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

35) Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының "Көрме орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.